


# Фудмастер компаниясы



- **ФудМастер»** компаниясының тарихы- 1995 жылдан бастау алады.. Бұған себеп жас кәсіпкерлерді сүт өнімдерінің алуан түрі бар. Қазақстанда неліктен, йогурт секілді пайдалы әрі нәрлі сондай-ақ дәмді сүт өнімін неге өндірмеске деген сұрақ толғандырады. Осындай мақсатпен компания Есік қаласындағы сүт зауытын жалға алып, алғашқы боп Қазақстанда Йогуртты жарыққа шығарған. Бүгінгі күнде компанияның 16 филиалында ірі 4 зауыты және екі сүт-тауарлы фермасы бар. «ФудМастер» компаниясы Қазақстан нарығында сүт өнімдерінің арасында көшбасшы саналады. Компания отандық өндірушілер арасында ең үлкен өнім тізбегін жарыққа шығарып, халықтың ұсынысы мен талғамын барынша қанағаттандыруға тырысады. Тұтынушылар сұранысы көп ие болған өнімдер: айран, қаймақ, үй сүзбесі, Дольче йогурты, БИО-С Имун қоютылған сүті және т.б. Қазіргі таңда компания зауыты 100-ге жуық атаумен сүт өнімдерін шығарады. Жылсайын компания өнімдерінің түпжиының жаңарта отырып, Қазақстан халқына жаңа, сапалы әрі дәмді өнімдерін ұсынады. 2004 жылдан бастап «ФудМастер» компаниясы әлемде жоғары сапалы сүт өнімдерінің өндіретін, дүниежүзінің 200-ден астам мекемелерін біріктіретін халықаралық Лакталис (Франция) тобына кірген. «ФудМастер» компаниясының негізі мақсаты, Қазақстандағы сүт өнімдерін тұрақты дамуы мен тұрғындарды табиғи қоспалардан жасалған, әлемдік сапа стандартына сай өнімдермен қамтамасыз ету.



# Жетістіктері

- 1995 жыл–алғашқы Қазақстандық йогурт шығарылған.
  - 1997 жыл–алғашқы Қазақстандық ішілетін йогурт шығарылған.
  - 1999 жыл–алғаш рет Қазақстанда картон қорабындағы ультрапастерленген сүтті шығарған.
  - 2001 жылы– халықаралық беделді TUV Rheinland (Германия) сертификат ұйымының сертификатын алып, халықаралық талаптарға сәйкес ISO 9001:2000 стандартты менеджмент жүйесімен жұмыс істеген алғашқы азық-түлік компаниясы.
  - 2005 жыл– алғашқы Қазақстандық дәнді сүзбе шығарылған.
- 

# Тағамының бірі

## ▣ Өнімдері

ФудМастер айраны-бұл денсаулыққа пайдалы қышқылтым сүт сусыны. Көптен бері Қазақстандық отбасыларға, танымал. ФудМастер адам ағзасының сауығуына көмектесіп, табиғи минералдар мен дәрумендердің негізі қоймасы болып табылады. Олардың арасында ағзаға қажетті А, β-каротин дәрумені, D тобының дәрумендері мен В1, В2 дәрумендері және С дәрумені бар. ФудМастер айраны денсаулыққа пайдалы, сергектік және салқындатылған әсер беретін қасиеті бар.

Майлылығы: 2,5%; 3,2%.

Табиғи өнім: құрамында консерванттар жоқ.

Сақтау мерізімі: 21 күн, тоңазытқышта сақтау міндетті.

Сақтау температурасы: :  $4 \pm 2^{\circ}\text{C}$





Қазақстанның азықтану академиясымен ұсынылған

# Райымбек АГРО



«Raimbek Agro» компаниясы 2001 жылы құрылған. Оның қызметінің негізгі бағыты сүт тағамдарын өндіру болып табылады. Қазіргі таңда Азақстан Республикасындағы жетекші ультрапастерленген сүт шығарушы болып табылады. Зауыт өндіретін сүт және сүт тағамдары өздерінің тамаша дәмдік қасиеттерінің арқасында Қазақстанның барлық аймақтарына үлкен сұранысқа ие.

Зауыт өндіретін өнімнің негізгі түрі ультрапастерленген табиғи сиыр сүті болып табылады. Оны өндірген кезде сүт 130°С-тан астам температурада 3 секунд өңделеді, содан кейін асептикалық жағдайда 0,15 л. және 1 л-лік пакеттерге құйылады. Өндірістің барлық учаскелеріндегі тазалыққа ерекше бақылау жасалуының және қабылданатын сүтке қойылатын ежоғары талаптардың арқасында өндірілетін өнім қалыпты жағдайда 6-9 ай сақталады. Шикізат ретінде компания тек қана табиғи, қаймағы алынбаған, жаңа сауылған, сүт алатын кәсіпорындарға арналған барлық санитарлық-ветеринарлық ережелерге сәйкес келетін сиыр сүтін пайдаланады.



Сүт пен кілегей өндіру «Tetra Pak» фирмасының жаңаша желілерінде жүзеге асырылады. Ағымдағы өндіріс көлемі тәулігіне 150 тонна өнім шамасында.

«Raimbek Agro» компаниясының өндірісінің тағы бір бағыты йогурт өнімдері болып табылады. Йогурт шығару итальяндық Benco Pak өндірушісінің жабдықтарында жүзеге асырылады. Тек Райымбек агро ғана Қазақстан Республикасында бір мезгілде өнімге арналған стакан жасайтын және йогуртты асептикалық құюды жүзеге асыратын технологияны пайдаланады.





Айналайын» сүтін өндіру үшін, шикізат ретінде тек «RaimbekAgro» компаниясының зауытына тура фермалардан әкелінетін сиыр сүті ғана пайдаланылады.

Сүттің абсолютті қауіпсіздігі мен жоғары сапасына қол жеткізуге қазір заманауи нәзік технология – ультрапастеризациялау мүмкіндік береді. Сүтті 3 секунд ішінде 135 С температурасына дейін қыздырады және сондай-ақ бөлме температурасына дейін тез суытады. Осылайша, сүт бактериялардан тазартылады, ал оның барлық табиғи қасиеттері сақталады. Сүтті өңдеудің осы түрі үшін тек жоғары сапалы шикізатты ғана пайдалануға болады, басқа кез келгені жоғары температуралы өңдеуден өтпейді және ұйып қалады. Жылумен өңдегеннен кейін сүт өте зарарсыз жағдайларда асептикалық картон орамға құйылады. Соның арқасында, сүтте бактериялар қалмайды, ол консервант қоспаса да, жақсы сақталады, және оны алдын ала қайнатпастан ішуге болады. Мұндай технология өте қымбат болып табылады, сондықтан аса көп қазақстандық өндірушілер оны пайдалана алмайды және анағұрлым кеңінен таралған әдіс – пастеризациялауды пайдаланады.



# Жетістіктері

## 2001 жыл

Сүт шығаратын зауыт ашылды.

## 2003 жыл

«Айналайын» сауда маркасының сүті УНТ санатында көшбасшы аталды (ультрапастерленген сүт)

«Айналайын» сауда маркасымен йогурт өндіру желісі іске қосылды.

## 2005 жыл

«Raimbek Agro» компаниясы өз өнімдерін халықаралық ISO 9001:2000 стандарттарына сәйкестікке сертификаттады. Сонымен бірге 2005 жылы компания халықаралық ИСО 9001:2000 және ИСО 14001-2004, ИСО 22000 сетификатын алды.

«Raimbek Agro» компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығының лауреаты атанды. Қазақстан тұтынушыларының лигасы алғаш рет «Айналайын» сүтіне «Мүлтіксіз» халықтық сапа белгісін берді, біз оны 6 жыл бойы ұстап келеміз.

## 2006 жыл

V Халықаралық «Күміс серіппе-2006» жарнама фестивалінде «Айналайын» сүтінің роликтері «Видео» номинациясында үшінші орынды иеленді.

## 2010 жыл

Өндіріске майлылығы 4% және 7,7% құрайтын «Айналайын» сүті, сондай-ақ кальциймен байытылған балалар сүті шығарыла бастады.

## 2011 жыл

Қазақстан тұтынушыларының лигасы «Айналайын» сүтіне кезекті рет «Мүлтіксіз» халықтық сапа белгісін берді.

«Raimbek Agro» компаниясына 10 жыл толды. Осы оқиға қарсаңында арнайы пайдалануға ыңғайлырақ, қақпағы бар жаңа сүт қорапшасы шығарыла бастады.